

Ашық есік күні өтті

Жуырда ШҚО балалар және жасөспірімдер кітапханасында ашық есік күні өтті.

1 наурыз - Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылған күні - барлық ұлттардың бір-біріне және XX ғасырдың басында қоныс аударылғандарға аяушылық танытып, туғандарындай қарсы алған қазақтарға Алғыс айту күні болып алғаш рет аталып өтілуде.

"Над нами небо на всех одно" атты достық фестивалі түрлі ұлт пен дін өкілдерін "бір шаңырақ астына" жинайды. Ахмер балалар ауылының жас "тұрғындары" мен қала мектептерінің оқушылары, сондай-ақ ШҚ-ның этномәдени бірлестіктерінің өкілдері аталмыш шараның қонақтары болды.

"Казахстан - территория мира и согласия" атты ақпараттық құжаттама, "Благодарность на все времена" ойын-саяхаты және "Возьмемся за руки, друзья" алғыс сабағы мерекенің туу тарихы мен еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің мәдениеті жайлы қатысушыларға мол мәлімет берді. Сонымен қатар, аталмыш шара аясында "Алақаны - аялы, жүрегі - кең саялы" деген тақырыпта "Үміт" балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесу ұйымдастырылды.

Аяулым Төлеубекқызы